

Осакаровка кентіндегі көшені қайта атау туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Осакаровка кентінің әкімінің 2018 жылғы 25 шілдедегі № 5 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 тамызда № 4891 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және кент тұрғындарының пікірін ескере отырып, Осакаровка кентінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Осакаров ауданы Осакаровка кентіндегі Мостовая көшесінің атауы – Хайрулла Байғабылов көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды Осакаровка кенті әкімінің орынбасары Б.О. Жетписбаевқа жүктелсін.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кент әкімі

С. Акижанов